



# Ақмешіт

23 қыркүйек  
сенбі

№75 (1982)

2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

### ШОЛУ

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА КӨЗ ТІККЕНДЕР КӨП

Орталық Азия дәл қазір әлем көз тіккен аймаққа айналды. Себебі бір жағында аяудай ақырған Ресей, екінші жағында айдаһардай от шашқан Қытай, одан қалды соғыстан көз ашпаған Ауғанстан тұр. Орталық Азияға үстемдік ететін алпауыт ел табылса, сол аяудай ақырған Ресейге де айдаһардай от шашқан Қытайға да, соғыстан көз ашпаған Ауғанстанға да ішкі және сыртқы саясатта әсер ете алады деген түсініктің барын жасырып қайтеміз. Біз сөз еткен территориялық аймақта Қытай мен Ресейдің онсыз да күш алып келе жатқанын көпшілік жақсы біледі. Енді бұл қатарға алыстағы АҚШ та қосылмақшы.



Иә, АҚШ-тың ниеті солай. Үстемдік етпесе де белсенділігін арттырғысы келетіні анық. Бұған Америка құрама штаттарының қаржы орталығы саналатын Нью-Йорк қаласында өткен Орталық Азия мен АҚШ мемлекеттері басшыларының саммитінің дәлел етуге болады. Саммитке АҚШ Президенті Джоозеф Байден, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар

Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты. Ақпараттымыз шынайы болуы үшін АҚШ-тағы саммит туралы деректерді Қазақстан Президентінің ресми сайтынан алып отырмыз. Дәл осы жиында C5+1 серіктестігі арқылы экономика, энергетика және қауіпсіздік салаларында Орталық Азияның егемендігін, орнықты дамуын және өркендеуін одан әрі нығайту үшін бірлесіп жұмыс істеу мәселесі талқыланды.

«Ақмешіт апталығы» газетінің журналистері ағылшын тілді басылымдардан тікелей аударма жасап, өзекті деген материалдарды оқырманға ұсынып жүргенін көпшілік жақсы біледі. Біз сөз еткен саммитке қатысты «The Wall Street Journal» басылымына «New Lines» стратегия және саясат институтының Еуразиялық қауіпсіздік және өркендеу бөлімінің директоры Камран Бухаридың мақаласы шығыпты. Онда БҰҰ Бас Ассамблеясының саммиті аясында АҚШ

Президенті Орталық Азия елдерінің басшыларымен келіссөз жүргізетіні айтылған.

Мақалада Орталық Азия елдерінің Президенттері Мәскеу мен Бейжіңге тұрақты түрде баратыны, бірақ Ресейдің алапат соғыстан әлсіреуі мен Қытайдың экономикалық құлдырауы Вашингтонға Орталық Азиямен тығыз қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретіні жазылған.

2 БЕТТЕ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің тұрғындармен кездесуі қалаға қарасты Қызылжарма мен Қызылөзек, Талсуат, Ақжарма және Ақсуат ауылдық округінде жалғасты.

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛЕДІ



Алдымен Қызылжарма ауылына барған қала басшысы округтің жаңа әкімін таныстырды.

Нақтырақ айтсақ, 17 қыркүйек күні Қызылжарма ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті. Бұған 3 кандидат өзін-өзі ұсынған. Округ бойынша 6294 сайлаушының 5067-сі өз таңдауын жасалды. Сайлау қорытындысы бойынша Шәріп Әбдірахманов 82,4 пайыз дауыс жинап, жеңіске жеткен. Қызылжарманың жаңа әкіміне қала басшысы Асылбек Шәменов пен қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев атқарар маңызды міндеттерін айтып, сенім білдірді.

Жиынның келесі кезегі қала әкімінің есепті кездесуіне ұласты. Биыл округтегі құрылыс жұмыстарын жүргізуге республикалық, облыстық және қалалық бюджеттен 1 млрд 288,6 млн теңгеге жуық қаржы бөлінген. Оның 957,4 млн теңгесіне 28 көшенің жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Ашып айтсақ, Сексенбаев, Батырбаев, Доскожин көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары мен Қызылжарма аумағындағы 1,2,3 ауданындағы 35 көшеге тас төселген. Сондай-ақ бірнеше көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүруде. Одан бөлек Р.Батырбаев, К.Сексенбаев пен №61, А. Мендібаев және А. Әлімов көшелеріне жауау жүргізушілер жолы салынады.

Одан бөлек 281,4 млн теңгеге 24 көшенің жарық бағаналары орнатылған. Қалған 12 млн теңгеге Р.Батырбаев көшесімен К.Сексенбаев көшелерінің киілысына бағдаршам қойылған. Ал электр желісін тарту жұмыстары бойынша округтің 89 көшесі жанартылмақ. Қазір жобаның қаржылық құжаттары әзірленуде. Оған 23,6 млн теңге бөлінген.

Бүгінде округтегі Р.Батырбаев №2 көшесінде орналасқан 5 қабатты жатақхананың кәріз желісін орталықтандырылған кәріз желісіне қосу жұмыстары жүргізілуде. Оған қалалық бюджеттен 8,6 млн теңге бөлінген. Ал ауыз су мәселесі бойынша қалалық бюджеттен 0,8 млн теңге бөлінген. Ол 2-ші көтеру насос станциясынан Эл-Фараби көшесіне дейін қайта жаңғыртылмақ.

Жалпы сыйымдылығы 1440 текше метр 3 ұңғыма бұрғылау құрылысы жұмыс жобасының сараптама қорытындысына алуға қалалық бюджеттен 1,3 млн теңге бөлінген.

Сондай-ақ «Қызылорда қаласы, Қызылжарма ауылдық округіне дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы» жобасының сараптама қорытындысын алуға қалалық бюджеттен 2,5 млн теңге бөлінді. Яғни бюджеттен тыс жеке кәсіпкердің өз қаражаты есебінен 150 млн теңгеге Сексенбаев көшесіне спорт кешені салуда. Демеуші жеке кәсіпкер – Сексенбаев Сұлтан.

2 БЕТТЕ

### «KITAP FEST»

Аймақтың 85 жылдығы мен сүйікті қаланың төл мерекесі аясында «Kitap Fest» кітап фестивалі өтті. Қоғамның мәдени құндылығын арттыру, оқырман мен жазушылар арасындағы алтын көпірді жалғастыру мақсатын көздеген дәстүрлі фестивалдің «Қаламгерлер аллеясында» өтуі де қалам ұстаған қалың қауымға құрмет көрсеткендей әсер сыйлады. Осы күні оқырманға рухани қуат сыйлайтын жазушылар, белгілі ақындар, Сыр бойындағы зиялы қауым өкілдері осы алаңға жиналды.

## Жырым сенсің, Қызылорда!



Қызылорда қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев пен қала әкімі аппаратының басшысы Жасулан Абагов бастаған фестиваль қонақтары алдымен Ы.Жақаев көшесінің бойына жағалай орналасқан «Өткені сырлы, келешегі нұрлы – Қызылорда» атты кітап көрмесі мен жәрменкесін тамашалады.

3 БЕТТЕ

## ӘН ӘУЕЛЕТКЕН ОРКЕСТР



3 БЕТТЕ

### ФОРУМ

Облыс орталығындағы «Достық» үйінде «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша филиалының отырысы өтті.

## ӘКЕ – АСҚАР ТАУ, БИІК ШЫҢ

Шараға облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқаламов, «Әкелер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Бекдайыр Күзембай, облыстық филиалының төрағасы Ержан Ескендір, қаладағы білім беру ұйымдарының әкелер кеңесі төрағалары мен балалары және аудандардан белсенді әкелер мен балалары қатысты.

Жиында алдағы жоспар жайы талқыланып, белсенді азаматтардың ұсыныстары тыңдалды. Мазмұнды шара «Әке – асқар тау, биік шың!» тақырыбында еркін форматтағы облыстық әкелер форумы «Rancho 83» отбасылық демалыс аумағында жалғасты.

Форум ашық аспан астында және бейресми еркін пікір алмасу форматында әкелер мен ұл балаларының бірге қатысуымен ұйымдастырылды.

Форумның мақсаты – әкелердің еркін пікір алмасу алаңын құру және ұл балаларды ұлттық спорт түрлерімен таныстыра отырып, қызығушылығын оятуға ықпал жасау, ұлттық аспаптарға және колөнерге баулу.

Форумды облыс әкімі аппаратының басшысы Шахмардан Байманов ашып, қоғамдағы, отбасындағы әкелер роліне тоқталды.

– Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес. Ал әр отбасында елін сүйетін, ұлтына жаны ашитын, еңбеккер азаматтың тәрбиеленіп шығуында әкенің орны



ерекше, – деп атап өтіп, осы бағыттағы жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Шарада айтқысқы ақын Нұрмат Мансұров, №140 мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бақытжан Жақсылық сөз сөйлеп, облыстық мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, оқу орындарының әкелер кеңестерінің төрағалары, жастар өкілдері пікір білдірді. Қатысушыларға колөнер бұйымдарының көрмесі мен

ат әбзелдері таныстырылып, ерттеу әдістерін үйретті. Асық ату ойыны мен оның шарттары таныстырылып, ойын өткізді, садақ ату сабағы да ұйымдастырылды. Зергерлер мен ағаш ұсталары және керамика шеберлері жастарға өз кәсіптерінің қыр-сырымен бөлісіп, шеберлік дәрістерін өткізді. Домбырашылар ансамблі күй тартып көрермендерге ұлттық рухани демалыс сыйлады.

«Ақмешіт-ақпарат»

4 БЕТТЕ

## АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚҚАН ҰЛ

Сербия астанасы Белградта өткен әлем чемпионатында 92 келі салмақ дәрежесі бойынша сынға түскен Ризабек Айтмұхамбеттің 19 жасар балуанымыз төрткүл дүниеге мықтылығын мойындатып, алтыннан алқа тақты. Балуанды тарихи жеңісімен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтады.

4 БЕТТЕ



# ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА КӨЗ ТІККЕНДЕР КӨП

«АҚШ-қа Еуразия құрлығының қасиетіне стратегиялық көзқарас қажет. Аймақта Ақ үйдің ықпалы тарихи тұрғыда Ресей мен Қытайға қарағанда әлдеқайда төмен. Мәскеу де, Бейжің де қиындықтарға тап келгенде Вашингтон Орталық Азиямен ынтымақтастықты берік орната алады. Ең бастысы – өңірдегі көшбасшы Қазақстанмен тығыз ынтымақтастық болмақ», делінген «The Wall Street Journal» басылымында.


Камрин Бухаридың мақаласында Орталық Азияның ерекшеліктері мен мүмкіндіктері сараланып, АҚШ дәл осы аймақта позициясын күшейтуі керектігі баяндалады.

Жалпы АҚШ-тағы саммит қалай өтті? Орталық Азиядағы 5 мемлекетпен арнайы өткен жиында нендей мәселе көтерілді?

Ақордадағы әріптестеріміз таратқан ақпаратта саммитте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Джоозеф Байденнен кейін сөз сөйлегені мәлім етілген. Кездесу барысында стратегиялық серіктестікті, саяси диалогты, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту, сондай-ақ Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мәселелері жан-жақты талқыланды.

Саммитте экономикалық ынтымақтастық мәселесіне, сондай-ақ америкалық компаниялардың маңызды қазба байлықтарды игеру, жанарлы энергия көздері, өңдеу өнеркәсібі және басқа да бағыттарды дамыту мүмкіндіктеріне баса мән берілді.

**Басы 1-бетте**



Бұдан бөлек пікірталас барысында қауіпсіздік проблемаларын, соның ішінде киберқауіпсіздік, терроризм, экстремизм, заңсыз миграция және есірткі тасымалы секілді қауіп-қатерлерді шешу үшін ынтымақтастықты нығайту перспективалары қарастырылған.

TRT-нің қазақ бөлімі таратқан ақпаратта Самарқандта 8 жыл бұрын Орталық Азия елдері мен АҚШ арасында сыртқы істер министрлері деңгейінде құрылған C5+1 форматы мемлекет басшылары деңгейіне көтерілгені баян етілген. Сонымен қатар ашық және сындарлы диалог пен тиімді

ынтымақтастықты дамытудың маңызды алаңына айналғаны атап өтілді.

Саммитте сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мен Ауғанстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Аймақтық тұрақты даму мақсаттары орталығын Алматыда құруда АҚШ-тың қолдауына сенетінін айтқан. Ал Өзбекстан басшысы Шавкат Мирзиёев сауда-инвестициялық белсенділікті күшейту, жобалық ынтымақтастық орнату, аймақтағы көлік дәліздерін дамыту, адам құқықтарын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын тарату, Ауғанстандағы жағдайды бейбіт жолмен шешуге көмектесу мәселелеріне назар аударды.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров саммиттің өзара түсіністік пен сенімді нығайту, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту үшін қолайлы жағдай жасауды көздеуі керектігін атап өтсе, Тәжікстан басшысы Эмомали Рахмон күшейіп келе жатқан қауіп-қатерлер, лаңкестік пен экстремизммен күрес, есірткі саудасы, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Ауғанстандағы саяси жағдай және Тәжікстанның Ауғанстанмен шекарасын қорғау мәселелеріне тоқталды.

Қолда бар ақпаратқа сенсек, саммит соңында Орталық Азия елдері мен АҚШ арасында өзара түсіністікті тереңдету және сындарлы серіктестікті кеңейту туралы келісімге қол жеткізілген.

Қарап отырсақ, Орталық Азияға алпауыт елдер ықпал еткізіп келеді. Бұған дейін де Ресей мен Қытайдың бастамасымен дәл осындай жиындар өткен. Енді АҚШ-тағы саммиттен соң не болады екен? Өйтпейік екі жақтағы көрішіміз бұл саммитке аса қуана қоймағаны анық.

**Әзіз ЖУМАДИЛДӘУЛЫ**

Қызылжарма ауылдық округінде 2024 жылы атқарылатын жұмыстарға 13 млрд 235,7 млн теңгені құрайтын жобалар жоспарланған. Оның ішінде ауылдық округтегі 22 көшеге электр желісін жүргізуге – 686 млн теңге көзделсе, бірнеше көшені қайта жаңғыртуға – 1 млрд 220,5 млн теңге қаралуда. Сонымен қатар мемлекеттік бюджеттен 727,8 млн теңгеге бірнеше көшеге жаяу жүргіншілер мен округтегі 67 көшеге 1 млрд 915 млн теңгеге электр желісін жүргізу жоспарлануда. Ал күрделі жөндеу жұмыстары бойынша бірнеше көшеге 2 млрд 513 млн теңге қаралуда. Сондай-ақ Қызылжарма аумағындағы 1,2,3 ауданындағы 35 көшенің тас жол құрылысына – 1 млрд 313,7 млн теңге көзделіп отыр.

Облыстық бюджеттен округтегі балалардың бітім алуы үшін 600 орынды құрайтын «Жайлы мектеп» құрылысын салу жұмыстарына - 4 млрд 600 млн теңге қарастырылуда.

Ауылдық округте жиналған тұрғындар қала әкіміне қанғыбас итерді азайтуға шара қабылдауды сұрап, басқа да өзекті мәселелерін айтты.

– Біздің ауылдың көгалдандыруы әлі өз дәрежесінде емес. Бұрын барлық көшеде аяқ су болатын, кейін көміп тастады. Мына аяқ суды лотокпен жүргізуді қолға алсаңыз, – делі ауыл тұрғыны Жаңабай Ибрагимов.

Осы тұста қала басшысы ауылдық округтегі шешілмеген мәселені өз бақылауына алатынын айтып, жаңадан сайланған округ әкіміне бірқатар міндеттер жүктелді.

– Кезінде үлкен қалалық мекемелерді басқардыңыз, бүкіл қаланың делегация жүйесін көгалдандыру мәселесімен айналыстыңыз. Міне-кей ел содан сұрап бастап отыр. Енді кірісу керек, қандай керемет елді мекен 135-тей көшесі бар, – делі Асылбек Шәменов.

Қала әкімі мұнан соң Қызылөзек ауылдық округіндегі тұрғындармен кездесті.

Онда ауылдық округте атқарылған жұмыстарға тоқталды. Биыл округтегі абаттандыру жұмыстары облыстық және қалалық бюджет есебінен жүргізілуде. Оған 396,8 млн теңге бөлінген. Ал қалалық бюджеттен бөлінген 1,6 млн теңгеге елді мекенді абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары атқарылуда. Оны «Раяна» мекемесі қолға алған. Ал елді мекеннің санитариясын қамтамасыз етуге қалалық бюджеттен 1 млн теңге бөлініп, қазір «Маханов» мекемесі жүзеге асыруда.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ауылдық округтегі Арғын, Жанарқы, Абылайхан мен Айнакөл-2 және Қорқыт ата, Қараөзек-3 көшелеріне орташа жол жөндеу жұмыстары толығымен жасалып, бүгінде аяқталуға жақын. Оған 173,8 млн теңге қаржы бөлінген.

Айта кетейік, Арғын көшесіне орташа жол жөндеу жұмыстарын мерзімінде аяқталмауына байланысты мердігер мекеме «АйкоСтрой» ЖШС-мен келісім-шарт біржақты тоқтатылып, айыбын өндіру үшін сотқа берілді. Осы көшеге қайта жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу талаптарына сәйкес конкурс өтіп, жеңімпаз «Ai-Sultan Company» ЖШС болды. Қазіргі таңда келісім-шарт жұмыстары жүруде.

Аталған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Ш.Ибраев және Абылайхан көшелеріне жаяу жүргіншілер жолының құрылысы жасалуда. Құны 77,1 млн теңге қаражатқа мердігер мекеме «SK ORDA CAPITAL» ЖШС қолға алған. Тұрғындардың жүріп тұруы үшін жөндеу жұмыстары қараша айында аяқталмақ.

Мердігер «Раяна» мекемесі қалалық бюджеттен бөлінген 0,3 млн теңгеге ауылдық округтегі Сейфуллин көшесіне жөндеу жұмыстарын жүргізбек.

Сонымен қатар бағдарлама аясында М.Жабағиев және Арғын көшелеріне жарық бағаналарын орнатуға 69 млн теңге қаражат қаралған. Бұл мемлекеттік сатып алу талаптарына сәйкес конкурс жарияланып, жеңімпаз «Ai-Sultan Company» ЖШС мекемесі қолға алып, жарық бағаналарын орнатуда.

**Басы 1-бетте**

Ауылдық округтегі түнгі жарықтандыруды күтіп ұстау жұмыстарын мердігер мекеме «МК Сервис» ЖШС қалалық бюджеттен бөлінген 22,5 млн теңгеге жүргізуде.

Жалпы бюджеттен тыс 3,2 млн теңгенің жұмыстары атқарылса, демеушілік есебінен 3,2 млн теңге қаражатқа «Ремпроект» ЖШС 4 көшеге асфальт төсесемек. Оған жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, облыстық бюджетке өтінім ұсынылды. Аталған 4 көшенің жалпы құны – 534,2 млн теңгені құрайды.

«Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында Айнакөл-1 және Айнакөл-4 көшелеріне түнгі жарық бағаналарын орнату жұмыстарын мердігер мекеме «Құрылыс Бизнес и К» ЖШС жүргізіп, толығымен аяқтаған.

Ауыл тұрғындарының мәдени-демалыс орны мен спорттық іс шараларды іске асыруға бюджеттен 25,1 млн теңге қаражат бөлінген. Қазір құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оны елігіне 31 желтоқсанда беру жоспарланған.

Бұған дейін ауылдық округтегі Е.Дәуітбаев көшесіне балалар ойын алаңын салуға облыстық бюджеттен 5 млн теңге қаржы бөлініп, мердігер

Сондай-ақ Қызылөзек ауылдық округі, Айнакөл елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу бойынша Айнакөл-1 көшесінің көше-жол желісіне 89,5 млн теңге қарастырылуда.

Қызылөзек ауылдық округінде жиналған тұрғындар қала әкіміне ризашылығын білдіріп, ақсақалдар батасын берді.

Шаһар басшысының есепті жиыны іргелес жатқан Талсуат ауылында жалғасты. Мұнда да жоба бойынша атқарылған жұмыстар баршылық.

Биыл Талсуатта 138,6 млн теңгені құрайтын ілкімді жұмыстар атқарылған. Ашып айтсақ, абаттандыру жұмысы бойынша округтегі Ақтөбе көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылған. Оған қалалық бюджеттен 1,9 млн теңге бөлінген. А.Құнанбаев көшесіндегі балалар ойын алаңына құны 2,2 млн теңгеге жөндеу, ел игілігіне берілген.

Жол сапасын жақсарту үшін 8 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оған облыстық бюджеттен 65,1 млн теңге қаржы бөлінген.

жоспарланса, жол жөндеу жұмыстарына да қаржы қаралған. Абаттандыру жұмыстары бойынша 4,6 млн теңге мен өңірлерді дамытуға арналған 2025 жылға дейінгі бағдарлама бойынша жұмыстарды жүргізуге 2,1 млн теңге жоспарланбақ.

Асылбек Шәменовтің тұрғындармен кездесуі Ақжарма ауылдық округіндегі Баймұрат ауылында жалғасты. Онда биылғы атқарылған жұмыстардың есебін айтып, алдағы жылы атқарылатын тың жобалармен таныстырды.

Ақжарма ауылдық округіндегі Баймұрат батыр ауылында біршама істер қолға алынып, жүзеге асты. Соның бірі – Баймұрат батыр ауылына жасалған жол белгілері. Орнату жұмыстарына қалалық бюджеттен 1,3 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша жеңімпаз анықталған. Жол белгілері осы жылдың қазан айында толық орнатылмақ.

Сонан соң Ақжарма ауылдық округіне 5 аялдама орнату жоспарланған. Оған облыстық бюджеттен 6,3 млн теңге қаржы қаралып, бүгінде мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес конкурс жарияланған.

Н.Тасымов, А.Иманов пен Ш.Құдайбердиев, Талдыарал және Ә.Молдағұлова көшелеріне жаяу жүргіншілер жолын салу қарастырылуда. Оның жоба құны шамамен 73,9 млн теңге және Баймұрат батыр ауылындағы ұзындығы 0,25 шақырым болатын Тоғай-1 көшесіне жарық бағаналарын орнатуға 3,9 млн теңге көзделіп отыр. Жалпы республикалық бюджеттен қаржы бөлу жоспарлануда.

Қала әкімі жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан тұрғындармен кездесу үшін қас қарайғанда Ақсуат ауылдық округіне барды. Ондағы тұрғындармен жүздесіп, биылғы атқарылған жұмыстарды айтып, алдағы жоспарымен бөлісті.

Биыл округ бойынша мемлекеттік, облыстық және қалалық бюджет есебінен 971,9 млн теңгені құрайтын ілкімді жұмыстар атқарылуда. Мәселен, қаз желісі тартылмаған елді мекендердің бірі Ақсуат ауылдық округі болатын. Аталған округке 2021-2023 жылдары бюджеттен 4,8 млрд теңге бөлініп, құрылысы жүргізілді. Биыл сәуір айында округ тұрғындарына көгілдір отын пайдалануға берілгені жеткізді.

## ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛЕДІ



«АлиПроектConstruction» ЖШС мекемесі қолға алған болатын. Бүгінде ойын алаңы балалардың пайдалануына берілді.

Қала әкімінің ауылдық округтегі атқарылған жұмыстарын тыңдағаннан кейін, ауыл тұрғындары күрмеулі мәселелерін айтты. Елді мекендегі ұрлықтың тыйымсыз тұрғаны да сөз болды. Сондай-ақ ауыл маңына тонналап қойыс төгетіндер де көбейгені жеткізді. Өз кезегінде қала басшысы осы кемшіліктерді дер кезінде тойтара алмаған учаскелік полиция инспекторына ескерту жасады, тиісті жұмыстарды тапсырды. Жалпы жиналған жұртшылық ауылдағы атқарылған бастамаларға ризашылығын білдіріп, ақсақалдар батасын берді.

Қала әкімі Қызылөзек ауылдық округіндегі алдағы жылы жүзеге асатын жұмыстармен бөлісті. Яғни 2024 жылы 679,5 млн теңгені құрайтын жобаларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Оның бірі – Қараөзек елді мекеніне салынатын спорт алаңы. Оған облыстық экономика және қаржы басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған. Одан бөлек Қызылөзек ауылдық округі, Қараөзек елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға облыстық бюджеттен 194,2 млн теңге көзделсе, Қараөзек елді мекеніндегі Қараөзек бекеті-4 көшесінің көше-жол желісін салуға 138,7 млн теңге қаралуда. Аталған елді мекендегі А.Құнанбаев көшесінің көше-жол желісіне тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салуға 111,7 млн теңге облыстық бюджеттен бөлінбек.

Ауылдық округтегі Сығанақ көшесіне қиыршық тас жол құрылысына жобалау-сметалық құжат әзірлеуге қалалық бюджеттен 0,5 млн теңге бөлінсе, көшелерге жол белгілерін қою жұмыстарына 0,5 млн теңге қарастырылған.

Сонымен қатар инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым дамытуда округтегі бірнеше көшеге электр жүйесін жабықтау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстарды мердігер «Қызылорда кірпіш зауыты» ЖШС мекемесі қолға алған. Оған республикалық бюджеттен 58,7 млн теңге бөлінген. Бюджеттен тыс қаражат есебінен 1,2 млн теңгеге ауылдың инфрақұрылымын дамытуға 3 жоба жасалған. Оның бірі «Жеке тұрғын үй секторы үшін 5 көшеге жарықтандыру мен 4 көшеге жаяу жүргіншілер жолының және Талсуат ауылдық округіндегі №3 тұйық көшесіне тас төсеу жұмыстары әзірленген.

Алдағы жылы жоспар бойынша округте 139,7 млн теңгені құрайтын жобалар жүзеге асырылады.

Соның бірі Талсуат ауылындағы 5 көшеге түнгі жарық шамдарын орнатуға 50,2 млн теңге қаржы қаралуда, қалған 4 көшеге жаяу жүргіншілер жолын салуға 52,2 млн теңге республикалық және облыстық бюджеттен бөлінбек. Сондай-ақ ауылдағы №3 тұйық көшесіне қиыршық тас төсеу үшін 14,1 млн теңге көзделсе, ауылдың санитарлық-тазалық және абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына 1,1 млн теңге қарастырылуда. Сонымен қатар ауыл көшелерін түнгі жарықтандыру және күтіп ұстау жұмыстарына 15 млн теңге бөлу

Ауылдық округте қарасты Баймұрат батыр ауылындағы 1 шақырымды құрайтын Тоғай көшесіне жарық бағанасын орнатуға 10,2 млн теңге қарастырылған. Оның құрылыс жұмыстарын мердігер мекеме «Ai-Sultan Company» ЖШС жүргізуде. Аталған мердігер мекеме ұзындығы 1,2 шақырымды құрайтын Тоғай-2 көшесінің бағаналарын орнатпақ. Оған 15,5 млн теңге бөлінсе, Қырман көшесінің жарық бағаналарының жұмыстарына республикалық бюджеттен 13, 1 млн теңге қаралған. Аталған көшелерге жарық бағаналары орнатылуда.

Округтегі Н.Тасымов, А.Иманов пен Құдайбердиев, Талдыарал және Ә.Молдағұлова көшелеріне жаяу жүргіншілер жолдарын салуға жоба-сметалық құжаттамасы мен сараптама қорытындысын дайындау үшін қалалық бюджеттен 2,5 млн теңге қаралған. Қосымша Талдыарал елді мекеніне скважина орнату жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қалалық бюджеттен 15,3 млн теңге және Ақжарма ауылдық округін табиғи газбен қамтамасыз ету үшін жоба-сметалық құжаттамасын дайындауға қалалық бюджеттен 37,7 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда жаяу жүргіншілер жолы бойынша жоба-сметалық құжаттары 73,9 млн теңгеге республикалық бюджетке өтінім ұсынылған.

Одан бөлек 2024 жылға ұсынылған жоба бойынша Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр ауылындағы жаңа көшелерге тасжол төсеу көзделуде. Оған 367,9 млн теңге қаралуда. Жалпы ұзындығы 3,15 шақырымды құрайтын

Сондай-ақ ауылдың 13 көшесі орташа жөндеуден өтті. Оның жөндеу жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен 800,2 млн теңге қаржы қаралып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінде округте 2 автобус аялдамасын орнатуға 7,4 млн теңге қаралып, аяқ су сорғысына арналған трансформатор орнатуға 4,4 млн теңге қаражат қалалық бюджеттен бөлінген. Ал Өткелбаев көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнатуға 5 млн теңге бөлінсе, Ж.Махамбетов ауылындағы Ө.Құдабаев көшесіне жарық бағаналарының құрылысына 25,5 млн теңге көзделген.

Одан бөлек Ж.Махамбетов ауылындағы Ө.Құдабаев көшесіне жаяу жүргіншілер жолының құрылысына 61,5 млн теңге қарастырылып, қазіргі таңда тиісті жұмыстар атқарылуда.

Округтегі инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту бойынша жоба-сметалық құжаттамасы мен сараптама қорытындысын әзірлеу үшін облыстық және қалалық бюджеттен 10,5 млн теңге қаржы бөлінген. Яғни Ақсуат ауылдық округіндегі 10 көшеге түнгі жарық бағаналарын орнату жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 5,5 млн теңге көзделсе, қалған 6 көшенің орташа жол жөндеу жұмыстарының жоба-сметалық құжаттамасын әзірлеуге 5 млн теңге қаралған. Сондай-ақ бюджеттен тыс қаражат көздерінен 242 млн теңгенің жұмыстары атқарылуда.

Бүгінде «Samruk-Kazyna Trust» ӘЖДҚ демеушілігімен спорт нысаны бой көтерді. Оның жабылған құны – 240 млн теңге.

Сонымен қатар кәсіпкерлер тарапынан 2 млн теңгеге орталық алаңға абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Одан бөлек Ақсуат ауылдық округіндегі 1,2 шақырымды болатын Ж.Махамбетов ауылы мен Байтөн және С.Стамбеков көшелеріне құны 100,8 млн теңге қаражатқа асфальт төсеу көзделіп отыр.

Жиынға жиналған қауым ауылдық округтегі жұмыстарға ризашылықтарын білдіріп, басқа да өзекті мәселелері мен ұсыныстарын айтты.

Осыған сәйкес қала басшысы өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешілетінін және өз бақылауына алатынын жеткізді.

**Нәзира МҰҚАТАЕВА**



## ӘН ӘУЕЛЕТКЕН ОРКЕСТР

Жуырда Нартай Бексжанов атындағы драма театры Курманғазы атындағы қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі «Жыр тұнған Сырдың даласы» атты концертін өткізді. Сыр өңіріне гастрольдік сапармен келген оркестрдің құрылғанына биыл 90 жыл.

Польша, Финляндия сынды әлемнің 90-нан аса елінде қазақтың өнерін, музыкалық аспаптарын, ұлы дала әуенінің сұлулығын паш етіп келеді. Бұл оркестр – қазақтың інжу-маржанына айналған өнер ұжымы ұлттық музыка мәдениетінің мақтанышы.

Сыр өңіріне гастрольдік сапармен келген өнер ұжымы қазақ күй өнерінің



Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Мира Казбекова «Жыр тұнған Сырдың даласы» атты концертке қатысты. Онда сөз сөйлеп, облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

жауһарларын орындалы. Сондай-ақ ұлтымыздың кең тараған әндері де шырақалды.

Концертке жиналған қауым оркестрдің шығармашылық өнерін тамашаласа, музыкалық ұжым тың-



Бүгінде 90 жылдық тарихы бар оркестр бес мыңға жуық ұлттық және классикалық шығармаларды орындап, гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қаласында болған. Ашып айтсақ, Қытай, Румыния, Венгрия,

дарманын ерекше сезімге бөлеп, көңілінен шықты.

Айта кетейік оркестрдің гастрольдік сапары Төреғам кенті мен Қармақшы және Жанакорған ауданында жалғасты.

НАЛТЫН

## Жырым сенсің, Қызылорда!

Қала әкімінің аппарат басшысы Жасұлан Абатов жергілікті кітапханалар қорын молайту бағытында жан-жақты қолдау жалғаса беретіндігін жеткізді. Айтулы мереке «Жыр толғаған Сыр елі» әдеби-сазды кешімен жалғасып, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев қала тұрғындары мен барша кітапсүйер оқырманды шаһардың төл мерекесімен құттықтады.

– Баршаныңды облысымыздың 85 жылдық мерейтойымен және сүйікті қаламыздың төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қоғамның интелектуалды әлеуеті мен мәдени құндылығын арттыру, оқырман мәдениетін қалыптастыру, жазушылар мен оқырманға бірінші алаң ұсынуды мақсат еткен бұл фестиваль биыл қайта абаттанған «Қаламгерлер аллеясында» байрақ көтеріп, жыл өткен сайын өзінің тағалымы жоғары шара екенін ұқтырып келеді.



Қалада бұл бағытта жүйелі жұмыс атқарылып, кітапханалар желісінің қызмет аясын кеңейтті. Қазіргі кезде электронды кітапхана тұрғындарға қолжетімді. Дегенмен кітаптың қоғамдағы маңызын арттыруға, рухани құндылықтарымызды дәріптеп, ұрпаққа аманаттауымыз керек. Бұл тұрғыда кітап фестивалі көптеген әдеби шығармалармен танысуға мүмкіндік беріп отыр.

Кітап фестиваліне қазақ және әлем әдебиетінің байлығын ала келіп, мереке көрігін қыздырған, елімізде кітап оқуды насихаттап жүрген Қарағандының «Қасым баспасы», Түркістанның «Мазмұндама» баспасы және жергілікті «Кітап ал» дүкеніне, қаланың барша кітапханашыларына шынайы алғысымызды білдіреміз, – деді мәслихат төрағасы.

Мерекелік шарада қаланың үздік оқырмандары мен бірқатар кітапханашылар қала әкімінің алғы хатымен марапатталса, үш дүркін алтын домбыра иегері, айтыскер ақын Мұхтар Ниязов қалалық орталықтандырылған кітапханаға «Тектілік пен терендіктің қайнар» атты жыр жинағын тарту етті.

Рухани шара барысында мектеп оқушылары арасында шахмат пен тоғызқұмалақтан және асфальтқа сурет салудан жарыс өтті. Жұлдегерлер мадақтама және медальдармен марапатталды.

Тағылымды шарада жергілікті өнерпаздар ән салса, жас ақындар өз өлеңдерін оқыды. Елге белгілі қаламы қарымды ақын Махмұтбай Әміреөвтің «Қызылорда вальсы» әні орындалып, ән мәтінінің авторы ардагер ақын жылғындарға ақ батасын берді.

Қалалық кітапханалар жүйесі ұйымдастырған шара жас ақындар мүшәйрасына ұласты. «Жырым сенсің, туған жер!» атты жас ақындар арасындағы мүшәйрада бас жүлдеге М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің 4-курс студенті Нұркеділді Өтепбергелі ие болды.

Ұлытау – әлімсақтан түркі текті жұрттың, бүгінде қазақ деген ұлттың табысқан жері. Бұл аймақта Қазақ еліндегі ең көне ескерткіштің бірегейі әрі құпиясы әлі күнге дейін сейілмеген Домбауыл дыңы бар. Бұл ескерткіш Кенгір өзенін бойлап Жезқазғанның солтүстігіне қарай 50 шақырым жерде орналасқан. Жошы хан мазарынан екі-үш шақырым жерде тұр. Домбауыл дыңының табыны төрт бұрышты болып төселгенімен, көтеріле келе күмбезге ұласып кеткен.

Қазақ оқымыстыларының ішінде, даланың төсінде орналасқан көшпелі халықтардың тамаша сәулет өнерінің туындысы болып табылатын Домбауыл кесенесі жайында тұңғыш рет ғалым Шоқан Уәлиханов: «... Мен мұндай үш моланы ғана білемін... ең маңыздысы Қозы Көрпеш моласы. Ол Аягөз өзенінің жағалауында Аягөз бекінісінен 90 шақырымда тұр. Құрылыстың қабырғасына азиаттықтар бейнесіндегі төрт балбал қойылған, мойындарына әшекей бұйымдар тағылған, екі қолы ішіне бір кесіндіні ұстай тұйысқан. Бұл балбалдар қайсақ жыраулары күні-түні айтатын жырдағы қаһармандарды бейнелейді» – дейді.

## ДОМБАУЫЛ – ТҮРКІ ЖҰРТЫНА ОРТАҚ ТҰЛҒА

Этнограф-ғалым А.Сейдімбек «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» деген еңбегінде: «Бұл дегеніңіз, Қазақстан мен Орталық Азиядағы орта ғасырда етек алған сәулет үлгісі болуымен айрықша мәнділігін айғақтайды. Ал Домбауыл дыңы ең бері қойғанда он-он үш ғасырлық уақытты бастан кешкен құрылыс...» – деп суреттейді.

«Қазақстанның киелі орындарының географиясы» деген еңбекте ескерткішке төмендегідей сипаттама берілген: «Кесененің құрылысына табиғи тақтатастар қолданылып, өлшемі 9,30x7,90 м, биіктігі 6,4 м құрайтын, негізі төртбұрыш пішініне жақын биік конус тәрізді құрылыс ретінде тұрғызылған. Ішкі бөлмесінің жоспары трапеция тәрізді. Құрылыстың ұзақ уақыт бойы сақталуына іргетастың беріктігі мен кейбір тұстарында қалыңдығы 3,5 м-ге жететін қабырғалар себеп болған. Есік ойығының биіктігі жер деңгейінен 1,95 м-ге көтерілген және оған баспалдақтың бес биік сатысы арқылы шығады. Ғимараттың едені биік табалдырықтың деңгейінен төмен орналасқан. Еден деңгейінен екі жарым метр биіктікте кесененің солтүстік және оңтүстік қабырғаларынан сынған ағаш арқалықтың ұштары 40-50 см-ге дейін шығыңқы болып тұр. Олар кезінде қамыс төселіп, үстінен құмтастың жұқа тақталары қаланған бөлменің төбесін құраған болуы мүмкін».

Академик Әлкей Марғұланның айтуында Домбауыл, Қосұйтас, Қаралың, Үйтас, Жанай, кешендері бір үлгідегі сәулет өнерінің белгілері. Мұның бәрі де Орталық Азияға ислам діні тарағанда дейін пайда болған VI-IX ғасырлар аралығында



тұрғызылған ескерткіштер. Қазақстанның байтақ даласында кезігетін Домбауыл дыңы үлгілес ескерткіштердің мерзімі әркезді қамтыса да, мекен орны шалғай тұрса да, осы үлгідегі ескерткіштердің он бойынан бір дәстүрдің сілемін, ұқсастығын аңғару қиын емес. Мұның өзі көшпелілер арасында киіз үйге ұқсаған ескерткіштердің қазақ даласында ислам діні тарағанда дейін-ақ орнығып, қалыптасқанын айқын аңғартады. Ел ішіндегі «дін», «дінге», «дін» деп аталатын сөздің мағынасы осы Домбауыл кешені сияқты құрылыстың үлгісін айтады.

Домбауыл есімі «Домрул», «Добун-Баян», «Дүйін-Баян», «Добу мерген», «Токтауыл» түрінде, тарихи жазбаларда да, аңыз-әңгімелерде де мол ұшырасады. Әуелі аңыздарға бойласақ, В.В.Радлов жазып алған аңыздағы Тохтағұл мерген, Г.Н.Потанин жазып алған Шыңғыс хан туралы аңыз, А.Янушкевичтің Құнанбайдан естігін аңыз, бәріннің түбі бір. Бәрінде де сандық ішіне салып, сұта ағызылған қыз, ол қыздың нұр сәуледен жүкті болуы, оған Домбауыл мергеннің үйленуі сөз болады. Ал шежірелерге назар салсақ, «Монғолдың құпия шежіресінде», Лувсанданзанның «Алтын шежіресінде», Әбілғазының «Түрік шежіресінде», Құрбанғали Халидтың «Тауарих Хамса»: «(Бес тарих) еңбегінде, Қалыргали Жалайырдың «Шежірелер жинағы» шығармаларында, Шыңғыс ханның Домбауыл мергенімен тараған ұрпақ екені шежірелік жүйемен тарағылып айтылады. Домбауыл есімі қазақ ру шежіресінде де, жыр-толғауларында да жиі кезігеді. Тіптен осындай жыр-толғаудың бірінде Домбауылдың руы кият екені айтылады. Енді бір аңыз әңгіме Домбауылды дәулескер күйші ретінде суреттейді. Академик Ә.Х.Марғұлан еңбектерінде, Қорқыт туралы тарихи-аңыз әңгімеде Домбауыл есімінің қатар айтылуы тегін емес. Сонымен қатар Қорқыт сияқты ұлы тұлғаны терен зерттей отырып, оны тарихта болған тұлға екенін дәлелдейді. Әлемдік ғылымға белгілі әмбебап-ғалым, мемлекет қайраткері Рашид ад-диннің парсы тілінде жарық көрген «Шуаб-и панджгана» (Бес шежіре) еңбегіндегі, «Монғолдар мен түркілер» тарауында Домбауыл (Дубун баян) жайында төмендегідей мәлімет кездеседі:

«[Описание Дубун баяна и ветвей его потомков] Сыновья: Буку нутай, Балку нутай. Некоторые люди считают, что эти два сына относятся к племени ириун, поскольку их матерью была Алан-Гоа, однако это высказывание неверно».

Рашид-ад-Дин. «Джамиат-таварих» еңбегіндегі деректен Домбауыл мен Шыңғыс қанының арасындағы байланысты саралауға болады.

Түркі халықтарының шежіресінде Домбауыл мерген тәлі ерекше аталады. Ол бірде әфсаналық Алаша хан жанында жүрсе, бірде тарихи дәуірдегі Жошының тәрбиеші-аталығы ретінде көрінегін.

### «Алаша хан-Жошы хан» (түркі аңызы)

«Алаша ханның Домбауыл деген мергені болған. Жошы хан жөк жасқа келгенде, бір күні Домбауыл мергенге: Аңға шығайық, маған бүгін құлан атып бер, құлан атқаныңды көргем жоқ деп болмай мергенді аңға, құлан атуға алып шыққан екен. Елсіз далада келе жатса, құланның мың қаралы көп тобы көрінеді. Домбауыл мерген балаға айтады:

Бұрынғылар айтушы еді: «Қалың табын атпа, қағар киелісі болады!» – деуші еді десе. Бала болмай: – Біреуін атып бер! – деп, болмаған соң:

– Ал, еңдеше, мен атайын, сен екі атқа не болып күтіп тұр, – деп, бұғып атуға жөнеледі. Мерген барып атады. Мылтық дауысынан үркіп шошып, қаптап жөнелгенде, ат ұстап тұрған баланың үстіне басып, ат пен бала құлап араласып, көп құлан атты да, баланы да еліктеріп алып кетіп, екі атты да, баланы да быт-шыт қылып жеп кеткен. Артынан қарап, бірнеше уақыттан кейін баланың бір жалғыз сирағын тауып алып, соған арнап там салған. Ел болып хан жарлық қылып: – Құлан менің тұқымымды құртты, мен құланның тұқымын құртамын! – деп, өзіне қараған барлық халқын жыпып, құланды қыратын ор қаздырған. Осы күндегі «Құлан өтпес» деген өзен содан қалған... Сонда көзге көрінген құланнан бір топ құлан көптен құтылып кетіп бара жатқан соң, Домбауыл мерген Ақсабақ пен Еңкейторы атты бірісін мініп, бірісін қос атқа алып, бірнеше жолдаспен құланның соңына түсіп, бір сөтке қуып, бәрін қырып, ең аяғында бес құлан құтылады. Бір

хас сұлудың өзі екен және біреудің жары емес екен. Есімі Алан-гуа екен.

Міне, осы Алан-гуа Добу мергенге тұрмысқа шығып, одан Бүгүнтай, Белгүнтай деген екі ұл туады. Бір замандарда Добу мерген қайтыс болыпты. Осыдан кейін Алан гуа Бұқа Хагаги, Бұқату салджи, Боданшар-мунхаг атты үш ұл туады. Осы үшеуі қайдан туады дегендерге Алан-гуа «Алланың асауынан берген ұлдар, күннің нұры болып келіп жатырмы енді. Оларды тобырларға тенеуге бола ма? Қарапайым адам қаған болса ғана оның мәнін түсінер, – деп бой бермейді екен. Осы Добу мерген мен Алан гуа ұрпағы моңғол шежірелерінде және олармен көрші елдердің арасында «кият» аталады.

### «Алтынбел хан» туралы аңыз (түркі-қазақ аңызы)

Енді қазақ арасында белгілі осы әңгіменің бір нұсқасын берейік: «Бір Алтынбел деген хан болған. Ханның жалғыз ұлы бар еді, аты – Қайшылы хан. Сонан басқа баласы жоқ еді. Бір күндерде ханның қатыны құрсақты болды. Бір уақытта бір қыз бала келтірді: «Ай дейін десе, аузы бар, күн дейін десе, көзі бар». Ол қызды тапқан шешесі қызын көріп, көркінен талып қалды. «Сондай бір қыз келтірді!» деп, ханға айтады. Хан балгер, бақсыларын алдырып: – Осы туған баланың бақ-талайына бал ашыңдар! – деді.

Балгерлер бал ашты: «Бақ-талайы зор, бұрын ешкімнен мұндай бала тумаған. Бұған екі нәрседен қатер бар: Осы қыз он бес жасқа жеткенде, ер ұл табады. «Ол қайдан табады?» десең, не желден табады, не күннен табады. Бұған күн көрсетпей, жел тигізбей, бағу керек!» десті – Не желден, не күннен бұл баланы күн көрмейтұғын, жел тимейтұғын қараңғы жерге бақтырыңыз! – деді. Хан да: –Өзім де осыны ойлап едім! – деп, адамға көрсетпей, кісі көрмесін деп, жасырын асыратты...». Содан бір күндері Алланың әмірімен Күннің нұрынан қыз құрсақты болды.

Хан: «Олай болса, өлтір оны!» – деді. Қатыны: «Хан қызын өлтіріпті!» деген атак жаман болар» дейді. Сонда хан: Не қылсаң-дағы көзімнен жоғалт! – деп пәрмен берген көрінеді. Ханның зайыбы қызын өлтіруге қимай, бір алтындатқан әбдірге салып, аузын жауып, кілтін сыртына байлап, ағып жатқан дарияға салып, қоя берді. Салып жіберген дариясы – ұзынаққан Ертіс.

Сол судың бойында көшпелі болып жүрген Қалмақ деген жұрт бар екен. Домбауыл деген мерген Шаба соқыр деген түрікпен қарауылшысымен екеуі аң аулап, елсіз, күнсіз су бойын жағалап жүр екен. Шаба соқыр түрікпен күндіз жерден көреді екен де, түстік жерден есеті екен. Дарияның ортасында ағып келе жатқан әбдірені көрді:

– Ай, жолдас, дарияның ортасында судың ағыны еріксіз айдап, бір нәрсе ағып келе жатыр! – деді. Домбауыл мерген: «Көктетіңізім жар болса, біз оны аламыз. Ала қалсақ, сен ішін аламысың, тысын аламысың? Күн бұрын үлеселік, қолымызға келген соң, қызқтық нәрсе болса, бірімізге біріміз қимай, таласып, араз болармыз!» депті. Шаба соқыр түрікпен айтты:

– Менің көзім жалғыздық қылмаса, жарқ-жүркі етіп, алтын мен күмісті күнге шағылысып келеді. Не болса да, мен сыртын аламын!» деді.

Домбауыл: – Мен ішін аламын, не шықса, ол шықсын. Мейлі дөңгем шықпайсың, бағымды байқаймын! – деді. Жақындап келген соң, алтын әбдіре екендігін таныған соң, жібеген жіп есіп, окка байлап, атпақшы болғанда, Шаба соқыр түрікпен қарауылшы:

«Қия ат, қия ат!» деді. «Туралап атпа, ішінде жанды нәрсе бар болса, ок тиіп, өліп қалар!» депті. Сол: «Қия ат!» дегендігімен, «Қият» атанып кетіп, мұның үрім-бұтағы өсіп-өніп, көп ел болды... Шаба соқыр түрікпен мен Домбауыл мерген баланың атын «Шыңкыз» қойды. Бала жасында не деп атаса, сонымен атанып кетеді ғой: «Шыңкыз». Бара-бара: «Сағымнан пайда болған, садаған сағымға ілген Шыңғыс хан!» аталды. Бұл Шыңғыс хан ақылды, данышпан, терен ойлы адам болды. Қанша жұртты қырып, қиратып алып жүргенде, ешкімнің дініне қарсылығы болмаған. Бұхарай-Шәрифке барып, дін жайын сұраған: – Құдайдың бірлігіне, барлығына, күштілігіне өзім әбден сенулімін! деген.

Намаз, ораза, зекетке қарсылық айтпаған.

Жалғыз-ақ: «Қағбатасы» деген сөзге:

Өзі осындай айдай әлемді жаратқан Құдай болады да, бір-ақ үйден табылады деген сөз ақылға сыймайды!» деген.

Қазақтың ортасында сақталған аңызда айтылатын «Домбауыл деген мерген, Шаба соқыр деген түрікпен қарауылшысы мен екеуі аң аулап, елсіз, күнсіз су бойын жағалап жүр екен» деген тұлғалар – бұлар түркі-моңғол халықтарына ортақ әфсаналық кейіпкерлер, аңызда түркімен атының аталуы да оның көне (прото) оғыздық тамырына байланысты болса керек. «Монғолдың құпия шежіресінде» Дува соқыр мен қазақ шежіресіндегі Шаба соқыр бір аңыздық тұлға.

Үйіні, қазақ даласындағы өткеннен сыр шертетін осынау кешенің нақты месі тарихта болған Домбауыл батыр екендігіне көз жеткізу үшін жоспарлы кешенді зерттеу жүргізудің уақыты келді деп ойлаймыз.

Қабдол ӘУЕЗОВ,  
тарих ғылымдарының докторы





## АЛТЫННАН АЛҚА ТАҚҚАН ҰЛ

«Бұл табыс маған ерен еңбектің арқасында келді. Мені әкем күнде сағат таңғы 6:00 немесе 6:30-да оятып, жаттығу жасататын. Кейіннен спорт мектебіне берді. Соның бәрі еш кеткен жоқ. Міне, бүгін мен Алланың қалауымен әлемдік додада топ жардым», – деген Ризабек алғашқы айналымда мажарстандық Балхаш Юхасты 13:3 есебімен ұтты. Мұнан соң Еуропаның екі дүркін чемпионы, тұркиялық Фейзоллах Актюркті 11:0 есебімен жеңді. Еуропа чемпионынан соң Ризабек Айтмұхан жартылай финалда былтырғы әлем және құрлық чемпионаттарының қола жүлдегері грузиялық Мириан Майсурадземен кездесті. Біздің оғлан одан да тайсалған жоқ. Қайта алға ұмтылып, атойлап жүріп, 8:1 есебімен тізе бүктірді.

Осылайша ақтық сынға шыққан батырымыз еңсемізді бір көтеріп тастады. Қазақ елі тәуелсіз еліміздің тарихында болмаған алтынды Ризабек әкеле ме, әкелмей ме деп демдерін ішке түгел тартты. Оның финалдағы қарсыласы да оңай шағылар жаңақ емес. Әлем чемпионатының екі және Еуропа чемпионатының үш дүркін жүлдегері әзербайжандық Осман Нурмагомедовтей әжі балуанның нақ өзі. Белдесу өте тартысты өтті. Өзіміз «Ризабек жеңілмесе екен, әлемдік додада қазаққа еркін күрестен алтын бұйырса екен» деп отырдық. Қазақ балуаны үмітті ақтады. Қарсыласын 5:2 есебімен жеңді. Соңғы секундтарда алға ұмтылған әзербайжандық балуанды әдіске салып, омакаса құлатты. Қарсы тарап бейнеқайталау қажеттігін айтқанда, жеңіс қолдан суып кетердей болды. Бірақ бейнеқайталауда да Ризабектің әдісті таза жасағаны және соңғы секундтарда үлгергені белгілі болды. Жеңі! Ризабек бүкіл жұртты риза қылды. Осылайша ол Қазақстанның еркін күрес тарихындағы тұңғыш әлем чемпионы болды.

Басы 1-бетте

А.БЕК

**Бүгін Қытайдың Ханчжоу қаласында 4 жылда бір келетін маңызды спорттық мереке – Азия ойындары басталады.**

## Азия ойындарына Сырдың 23 спортшысы қатысады



Қолда бар ақпаратқа сенсек, байрақты бәсекеге елімізден 524 спортшы қатысады екен. Біздің атлеттер спорттың 30 түрі бойынша ел намысын қорғайды.

Доғара қатысатын спортшылардың құрамында Сыр оғландары да бар. Ел құрамына аймақтан 23 спортшы еніп отыр. Олар бокс, дзюдо, грек-рим күресі, ауыр атлетика, каратэ, тасквондо, стэнд ату, шахмат, маутинбайк, велотрек, е-спорт, гандбол, көгалдағы хоккей сынды спорттың 13 түрі бойынша қатысады. Тағы бір айта кетерлігі, Азия ойындарында 2024 жылы өтетін Париж Олимпиадасының жолдамалары сарапка салынады.

«Ақмешіт-ақпарат»

## ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ: РЕКОРД ЖАҢАРДЫ

Қазақ «ат – ер қанаты» деп сәйгүлікті жансерігіне балаған. Жылқы – дала жұртына тән мәдениетпен өмір сүрген, әлі күнге дейін салт-дәстүрі берік сақталған біздің халық үшін киелі жануар. Ауыз әдебиетіндегі эпостық жырлардағы батырлардың аттары ерекше қасиет біткен тұлпарлар ретінде суреттеледі. Бұған Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, тіпті ертегідегі Кендебайдың Керкүласы дәлел бола алады. Олар – айшылық алыс жерлерге жыдам жеткізетін тұлпар ғана емес, сонымен қатар көкке самғар пырағы, батырлардың сенімді серігі. Биыл екінші мәрте өткен «Ұлы дала жорығы» қазақ жылқысының әлі де бар екенін, мықты екенін айғақтай түсті.



Астанадан басталған жорық Түркістаннан аяқталды. Үстіне шабандозын мінгестірген тұлпарлар үшін 1300 шақырымдық жол оңай болған жоқ. Жолдың қақ ортасына келгенде ат ауыстыруға мүмкіндік берілді. Бірақ сол қақ ортасы деп отырғанмыз 650 шақырым екенін естен шығармаған жөн. Қанша жерден мықты болғанмен талай арғымақ болдырды. Межелі жерге жеткенше сайыстан шығып қалған командалар да бар. Өкінішке қарай, жеңілгендердің арасында Сыр елінің де командасы бар екенін айтуға мәжбүрміз. Бәлкім дайындықтың аздығынан болар, бәлкім тұлпарларды дұрыс баптамаған шығар, бәлкім шын мықты атсейістің кеңесіне құлақ аспаған шығар, әйтеуір жеңімпаздар қатарында Сырдың командасы жоқ. Жарысты соңына дейін жалғастырған 4 команданың ішінде Жетісу облысының жігіттері топ жарып, мәре сызығын бірінші болып қиды. Маңғыстау облысының 21 жасар шабандозы рекорд орнатты.

Жеңімпаздарды марапаттау салтанатына Туризм және спорт вице-министрі Сәрсен Құранбек, «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Еркеғали Әлімқұлов пен «JORYQ» ат спортты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков қатысты.

Жеңімпаз болған Жетісу облысының командасы 18 млн теңге көлемінде қаржылай сыйлықпен марапатталса, екінші орын иеленген Ақтөбе облысының командасына 16 млн теңге, үшінші орын иегері Алматы қаласының командасына – 9 млн теңге берілді. Төрешілердің шешімімен, мәреге төртінші болып жеткен Абай облысының командасына 5 млн теңге берілді.

Мақаланың басында Маңғыстау облысының 21 жастағы шабандозы рекорд орнатқанын айтқан едік. Бұл батырдың есімі – Мағжан Абдолұлы. Ол «Шағрайиторы» деген атын Гиннестің рекордтар кітабына енгізуі әбден мүмкін. Мағжан 1300 шақырымның соңғы 50 шақырымның бағындыруға таңғы сағат 07:10-да аттанып, Түркістандағы мәре сызығын 08 сағат 44 минут 09 секундта бірінші болып кескен. Астанадан Түркістанға дейінгі 1300 шақырымды бастан-аяқ бір ғана атпен еңсеруді мақсат еткен «Рекорд» командасының құрамы Астана қаласы, Маңғыстау мен Жетісу облыстарының шабандоздарынан құралғанын айта кеткен абзал.

Команда құрамындағы жетісулық шабандоз мәре сызығын екінші болып кессе, ізін жалғай астаналық шабандоз келді. Осылайша «Рекорд» командасы көздеген мақсатына жетті. 1300 шақырымды 1 атпен бағындырған азаматтар 1-орын үшін 2,5 миллион теңге, 2-орынға - 2 миллион теңге, 3-орынға - 1,5 миллион теңге көлеміндегі сыйлық алды.

«Рекорд» командасының нәтижесіне жеке-дара тоқталар болсақ, Маңғыстау облысының жылқысы 1300 шақырымды 98 сағат 44 минут 47 секундта еңсерген. Жетісу облысының тұлпары бұл межеге 100 сағат 04 минут 34 секунд жұмсап, үшінші келген астаналық сәйгүліктің уақыты 104 сағат 28 минут 11 секундты құраған.

Командасы жарыстан шығып қалса да жорықты өз еркімен жалғастырып, 1300 шақырымды жеке-дара бағындырған 10 шабандоздың әрқайсысына төрешілердің шешімімен 1 млн теңге көлеміндегі қаржылай сыйлық берілді. Екі апталық аламанға қатысып, аттылы шабандоздармен бірге 1300 шақырымды бағындырған Бейнеу ауданының тумасы, Қазақстанның құрметті құрылысы, елге белгілі велошабандоз Раббин Борашовқа да төрешілер «Ең үздік жанкүйер» аталымын белгілеп, 1 млн теңге көлемінде қаржылай сыйлық тағайындады.

Қазақ пен жылқының етене жақындығы сонша, әлі күнге дейін ат көрсе мінгіміз келіп, қанымыз тулап тұратыны бар. Біздің елде ат спорттың ерекше дамуы да содан шығар. Оның «Көкпар», «Бәйге», «Тенге алу», «Қыз қуу» сынды халқымызға тән бірнеше түрі бар. Алайда бұл өз алдына бөлек әнгіме. Белгілі ғалым, қазақтың этномәдени жағын тереңірек зерттеген Жан Ақселеу Сейдімбек ел ішінде жүріп, атбегілер мен жылқы сыншыларынан сәйгүлік тұрғысында мәліметтер жинай келе Қамбар ата төлінің бойындағы он бес түрлі қасиетін атап өтеді.

Адам баласы машинаны ойлап тапқанша жақсы атты жанына серік студі армандаған. Мұны Доспамбет жыраудың «Күмбір де күмбір кісінетіп, күрөңді мінер күн қайда?» атты толғауынан көре аламыз. Қазіргі жастар «Гүріл де гүріл еткізіп, тайота мінер күн қайда?» деп жырлайтын болыпты. Бұл да заман ағызы шығар. Қалай дегенде де жылқы мінезді қазаққа серік болған осы бір жануардың пайдасы біз ойлағаннан әлдеқайда көп болса керек.

А.АҚЫЛБЕК



## «ORDA КЕЛБЕТІ»: Тұрғындарға арналған байқау

Апта басында өңірлік коммуникациялар қызметінде жастар ресурстық орталығының басшысы Талғат Тілес брифинг өткізді. Онда облыстың 85 жылдығына орай «Orda келбеті» атты байқаудың болатынын хабарлады.

– Сыр елінің 85 жылдық мерейтойында қала тұрғындары арасында ауқымды байқау өткізбекпіз. «ORDA» келбеті байқауы біздің өңірге қатысты жастардың ғана емес, кез келген тұрғындардың креативті идеяларын, өздерінің шығармашылығын танытуға үлкен мүмкіндік деп білеміз. Сонымен қатар бұл байқаудың бір ерекшелігі тек жастар ғана емес, облыстың кез келген тұрғыны қатыса алады. Бұл байқау 20 қыркүйектен бастап 10 қазан аралығында өткізілімек. Байқау жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табысталады, – деді жастар ресурстық орталығының басшысы.

Облыстың 85 жылдығына орай өткізілетін «Orda келбеті» атты байқауды облыстық Жастар ресурстық орталығы ұйымдастыруда. Бұл байқаудың басты мақсаты – әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени дамуы мен шежірелі тарихы туралы жастардың креативті идеяларын таныту. Байқауға қатысушылар өздерінің шығармашылық туындыларын 20 қыркүйек пен 10 қазан аралығында ұсына алады.

Аталған байқауға қала тұрғындарын белсенді қатысуға «Qosyl» жастар ресурстық орталығының директоры Әлібі Басаров та шақырды. Сондай-ақ байқаудың негізгі ережелеріне тоқталды.

– «ORDA» келбеті байқауына келесі бағыттар бойынша номинациялар тағайындалады. Атап айтқанда «Үздік бейне-материал», «Үздік фото», «Үздік пост». Әрбір номинацияға сәйкес I, II, III орын үздіктері анықталады. Бірінші орынға – «Apple iPhone 14 Pro», екінші орынға – «Apple iPhone 13», үшінші орынға – «Apple iPhone 12» табысталады. Байқау нәтижесін облыстық Жастар ресурстық орталығы жанынан құрылған жұмысшы топ анықтайтын болады. Сыр өңірінің тұрғындарынан байқауға белсенді қатысуға шақырамын, – деді Әлібі Басаров.

Одан бөлек байқаудағы әр номинацияға қойылатын талаптарды облыстық Жастар ресурстық орталығының шығармашылық және бұқаралық спортты дамыту бөлімінің басшысы Тоғжан Аманұлаева атады.

– «Үздік фото» номинациясы бойынша қатысушылар облыс тарихының кешегі мен бүгінгі және келешегін сипаттайтын сапалы 3 суретті әлеуметтік желілерге жүктеуі тиіс. Ал «Үздік пост» бағыты бойынша қатысушылар облыстың тарихын және соңғы жылдардағы жетістігін сипаттай отырып, фейсбук желісіндегі жеке парақшасында арнайы хэштегтер арқылы жариялауы қажет. Пост екі тілде де қабылданады. Сондай-ақ әрбір ұсынған материалдарда облыстың 85 жылдығына арналған логотип қойылуы шарт. Жеңімпаздар әлеуметтік желідегі аудиториясының белсенділігі арқылы таңдалатын болады, – деді ұйымдастыру комитетінің мүшесі Тоғжан Есенгелдіқызы.

Аталған байқау бойынша жеңімпаздар 12 қазан күні анықталады.

НА.ЛТЫН

## Келешегін ойлаған мемлекет ұрпақ тәрбиесіне мән береді



Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмілетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, оларға қарсы жасалатын қылмыстарды болдырмау.

Осы жылдың 22-24 қыркүйек аралығында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізіліп отыр.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдер арасындағы қылмысты ескерту және оның алдын алу, оның ішінде білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы құқықбұзушылықтардың жолын кесу, кәмілетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ балаларға қатысты қылмыстық қол сұғушылықтардың алдын алу болып табылады.

Келешегін ойлаған мемлекет жас ұрпақ тәрбиесіне немісқарайлы қарамайтыны анық. Өскелең ұрпағымыздың тәлім-тәрбиесіне бағыт-бағдар бере отырып, ел болашағының қауіпсіздігін қамтамасыз етейік.

Л.АХМЕТОВА,

Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ювеналды полиция бөлімшесі бастығының орынбасары, полиция майоры

**Жуырда Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында шорт тректен кіші жасөспірімдер арасында ел чемпионы өтті. Мұз үстіндегі мықтыларды анықтайтын жарысқа Сыр спортшылары да қатысты.**



Мұз үстінде сырғанау, сырғанап қана қоймай өзгелермен жарысу, жарысып қана қоймай топ жару оңай емес. Ал үміт артқан спортшың жеңімпаздар қатарынан көрініп жатса, үміттің ақталғаны емес пе? Марат Мұратбеков жаттықтырған Сыр балғындары жеке-кейі сында да, эстафетата да топ жарып, жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Атап айтқанда, 500 метрлік жарыста Бекайдар Санжар 2-орын алса, 333 метр бойынша сынга түскен Молдабек Нариман 3-орын иеленген.

Қыздар эстафетасы бойынша 1333 метрлік жарыста Сыр сұлулары 2-орын иеленді. Команда құрамында Құлбай Айару, Нұрлан Инабат, Сиезбекова Нұрила сынды болашағынан зор үміт күттіретін спортшылар бар.

Меншік несі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)

Жазағты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптағына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3101 Тапсырыс №1502

Номердің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА